

Біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 09 сәуірдегі N 16/5 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 03 мамырда N 4440 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 20 маусымдағы N 18/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 20.06.2013 N 18/4 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына, " Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына сәйкес, Шиелі аудандық мәслихаты

ШЕШЕМІЗ:

1. 2013 жылдың 31 мамырына дейін біржолғы материалдық көмек көрсетілсін :

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне; Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеде тұрмаған жесірлеріне; екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына 68000 (алпыс сегіз мың) теңге мөлшерінде;

2) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға 25000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	Аудандық	мәслихаттың
сессия төрағасы	П. Маханбет	
	Аудандық	мәслихаттың
хатшысы	Ә. Оразбекұлы	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК